

"Тауарлар импорты жағдайында ішкі рынокты қорғау шаралары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 16 маусымдағы N 59 Заңы

1-бап. "Тауарлар импорты жағдайында ішкі рынокты қорғау шаралары туралы" 1998 жылғы 28 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 24, 446-құжат; 1999 ж., N 21, 763-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 1 - б а п т а :

8) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"8) отандық өнеркәсіп (отандық өндірушілер) - Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын, ұқсас немесе тікелей бәсекелес тауарларды өндірушілердің не ұқсас немесе тікелей бәсекелес тауарларды ұжымдық өндіруі Қазақстан Республикасының аумағында осы тауарлардың жалпы өндірісінің көпшілік бөлігі құрайтын өндірушілердің жиынтығы";

9) тармақшадағы "Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының" деген сөздер алып тасталсын;

11) тармақша "едәуір" деген сөздің алдынан "жалпы" деген сөзбен толықтырылсын;

12) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"12) елеулі залал келтіру қаупі - елеулі залалдың анық болмай қоймайтындығы";

2) 7-баптың 2-тармағының бірінші бөлігіндегі "елу проценттен астамы" деген сөздер "көпшілік бөлігі" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 10-баптың 1-тармағы "және барлық мүдделі тұлғаларды іс қарауға тарту мақсатында хабарлауды мемлекеттік тілде және басқа да тілдерде бұқаралық ақпарат құралдарында таратады" деген сөздермен толықтырылсын;

4) 13-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Уәкілетті орган мүдделі тұлға жария етуді және жалпы түрде ашуды қаламайтын ақпаратты, егер осы ақпарат ресми көздерден алынбаған жағдайда ғана, назарға алмауы мүмкін.";

5) 15-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Мүдделі тұлғалар істің материалдарымен және басқа тараптың дәлелдерімен танысу мақсатында уәкілетті органға тыңдаулар өткізу туралы өтініш беруге құқылы, бұл барлық мүдделі тұлғаларға басқа тұлғалардың мәлімдемелеріне жауап қайтару мүмкіндігін қоса алғанда, дәлелдемелер мен дәлелдер ұсыну және қорғану шараларын

қолданудың отандық тауар өндірушілерді қорғауға және Қазақстан Республикасының экономикалық қауіпсіздігіне септігін тигізу туралы мәселе жөнінде өз пікірін баяндау мүмкіндігін беруге тиіс.";

6) 1 7 - б а п т а :

мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

"3-1. Уақытша қорғау шараларын қолданған кезде қорғау баждарын төлеуді қамтамасыз етуге арналған ақшаны импорттаушылар Қазақстан Республикасының кеден заңдарына сәйкес депозиттік шотқа енгізеді және Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілетті органның қорғау шараларын қабылдау қажеттігі туралы қорытындысы негізінде түпкілікті шешім қабылдағанға дейін бюджетке аударуға жатпайды.";

4-тармақ мынадай мазмұндағы екінші сөйлеммен толықтырылсын:

"Уақытша қорғау шараларын қолдану кезіндегі қорғау бажының ставкасынан неғұрлым төмен қорғау бажының ставкасын енгізу орынды деп танылған жағдайда, артық төленген сомалар Қазақстан Республикасының кеден заңдарында белгіленген тәртіппен импорттаушыға қайтарылуға жатады.";

7) 2 2 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қорғау шаралары елеулі нұқсанды болғызбау немесе жою үшін қажетті осындай мөлшерде қолданылады.";

2-тармақтағы "қорғау шараларының қолданылу ұзақтығы бір жылдан асқан жағдайда" деген сөздер "қорғау шарасының қолданылу мерзімі бір жылдан асқан кезде, қолданылу кезеңі бойы теңдей уақыт аралығы арқылы" деген сөздермен ауыстырылсын ;

8) 2 3 - б а п т а :

1-тармақтың екінші сөйлеміндегі "төлемдерге қарамастан өндіріп алынады" деген сөздер "бюджетке төленетін міндетті төлемдерге қарамастан өндіріп алынады және бюджетке есептелуге жатады" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтың үшінші және төртінші бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

"Импорттық квота тауар беруші елдер арасында бөлінетін жағдайда Қазақстан Республикасының Үкіметі консультациялар жүргізу арқылы Қазақстан Республикасының аумағына осы тауарды жеткізіп беруге мүдделілігі бар тауар беруші елдермен импорт квотасының үлесін бөлу туралы уағдаластыққа қол жеткізуді қ а м т а м а с ы з е т е а л а д ы .

Мұндай уағдаластыққа қол жеткізу мүмкін болмаған кезде Қазақстан Республикасының Үкіметі импорттық квотаны тауар импортының жалпы саны немесе құны негізінде бұдан бұрынғы кезеңдегі тауар импортына сәйкес келетін үйлесімде тауар беруші елдер арасында бөледі. Бұл ретте осы тауарларды жеткізіп беруге ықпал ете алған немесе ықпал ете алатын кез келген факторлар ескеріледі.";

9) 25-баптың 2-тармағының бірінші абзацындағы "алты ай" деген сөздер "180 күн" деген сөздермен ауыстырылсын;

10) 28-баптың орыс тілдегі мәтініне өзгеріс енгізілді, мемлекеттік тілдегі мәтіні өзгермейді.

2-бап. Осы Заң ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті